

Бекітемін:  
«Әсем» бөбекжай  
балабақша менгерушісі  
\_\_\_\_\_ Э.Т.Дөнен

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен  
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйімі «Әсем» бөбекжай балабақша

Топ: ересек «Ботақан» топ:

Балалардың жасы: 4 жасар.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none"><li>- балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қымылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</li><li>- дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</li><li>- негізгі қимыл түрлерін: жүргүруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмеледі, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</li><li>- дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</li><li>- әртүрлі ұлттық қымылды ойындарға, жарыс сипатындағы</li></ul>

	<p>оыйндарға қызығушылыққа баулу;</p> <p>- ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Жүгіру:</b> аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір- бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; түрлі тапсырмаларды орындаі отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b></p> <p><b>Кол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.</b></p> <p>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), тәмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды тәмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар.</b></p> <p><b>Велосипед тебу:</b> екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу.</p> <p><b>Жүзу:</b> суға тұсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және</p>
--	--

төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну.

### **Қимылды ойындар.**

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды үйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.

Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш) дамыту.

Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.

### **Дербес қимыл белсенділігі.**

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.

Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.

### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.

«Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын- алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты

туралы ұғымдарды көңейту.

**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.

**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.

**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**

Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шуберекпен сұртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ынғайлыш, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

Сөйлеуді дамыту	<p>- балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу;</p> <p>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуда жаттықтыру.</p> <p>Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді менгерту үшін тақпактар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде үйрету.</p>
-----------------	---

	<p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту;</li> <li>- балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналанауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну.</li> </ul> <p>Әдеби шығармаларды мұқияттыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айтуда, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге өртегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасаудағыларын қалыптастыру;</li> <li>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеудің дамыту.</li> </ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды</p>

талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың әмоционалды көңіл-күйін жеткізу.

### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән "ө" дыбыстарын жеke, сөз ішінде анық айтуда баулу.

### **Сөздік қор.**

Коршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.

Тұстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жездे», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуда баулу.

Төрт тұлікті бағатын адамдардың кәсіппшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» атап да атаулардың олардың еңбегімен байланыстырынын түсіндіру. Төрт

	<p>тұлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызы.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажыратса білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
Математика негіздері	<ul style="list-style-type: none"> <li>- заттарды зерттеу барысында олардың пішінін, көлемін көзben өлшеу, қолмен ұстау арқылы көрнекі-бейнелік ойлауды, есте сақтауды, қиялдауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</li> <li>- танымдық қызығушылықты дамыту, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, талдау жасай білуге, қорытынды шыгаруға баулу;</li> <li>- сенсорлық қабілеттерін, бастапқы ойлау операцияларын, жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру;</li> <li>- сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, ұжыммен жұмыс істей білуге үйрету;</li> </ul>

	<p>- эстетикалық талғамды қалыптастыру, балалардың ой-өрістерін кеңейту; тірі және өлі табиғат объектілеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Сан, санау.</b></p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>5 көлемінде тұра және кері санауға жаттықтыру.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</li> <li>- түрлі балалар әрекетінде балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін, дербестігін, белсенділігін дамыту.</li> </ul> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.</p> <p>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>
Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоршаған ортадағы әсемдікті қабылдауға баулу, шығармашылық ойлау мен қиялды дамыту;</li> <li>- өнер түрлері туралы ұғымдарды кеңейту, заттарды қарау және қолмен ұстап зерттеуді дамыту.</li> </ul>

		Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиуда қолдану.
	Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалау арқылы көркем- эстетикалық талғамды дамыту;</li> <li>- өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру.</li> </ul> <p>Пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеу. Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p>
	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> <li>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</li> </ul> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аланадамай соына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге</p>

	<p>үйрету.</p> <p><b>Ән айту.</b></p> <p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақты қымылдар.</b></p> <p>Би қымылдарын, ойындағы музыкалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b></p> <p>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шұлы музыкалық аспаптарды қолдану. Сылдырмақтармен әуендерді ойнау.</p> <p><b>Билер.</b></p> <p>Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қымылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қымылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу.</p>
Құрастыру	<p>- балаларды қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құрылыш материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыш бөлшектерін ажырату (текше,</p>

	<p>пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыш бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылышпен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыш бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыш жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдау.</p>
Коршаған ортамен танысу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ересектердің еңбегі, оның қоғамдық өмірдегі рөлі туралы, жалпы қабылданған нормалар мен ережелер негізінде құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынастары туралы білімдерін кеңейту;</li> <li>- отансұйгіштік сезімдерін, еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімін тәрбиелеу;</li> <li>- құрдастарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға баулу;</li> <li>- туған өлкеге, өзінің еліне және оның тарихына сүйіспеншілікке тәрбиелеу;</li> <li>- тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту;</li> <li>- танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қиялды</li> </ul>

	<p>қалыптастыру; табиғатты сақтауда адамның рөлі туралы білімдерін қалыптастыру; қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары.</b></p> <p>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көліктегі жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелу.</p>
--	--

Әдіскер: А.А Сулейменова